

Алматовтар отбасы облыста топ жарды

Жанұя құндылығын дәріптеу мақсатындағы «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы жыл сайын ұйымдастырылып келе жатыр. Аталған сайысқа Арқалық қаласы бойынша бақ сынап, облыстық кезеңге жолдама алған Алматовтар отбасы ол жақта да үздік деп танылды.

«Мерейлі отбасы – 2018» ұлттық байқауының екінші кезеңіне облысымыздың әр өңірінен 90 – нан астам отбасы қатысқан болатын. Соның ішінен 20 әулет іріктелген. Бұл сайысқа Арқалықтан 5 жанұяның жетістіктері қаралған еді. Нәтижесінде байқаудың облыстық кезеңіне жіберілген Алматовтар отбасы ол жақтан да жеңімпаз атанды. Ұлттық байқаудың марапаттау рәсіміне Қостанай облысының әкімі Архимед БЕТЕЖАНҰЛЫ қатысып, жеңімпаздарды құттықтады. – Ата-бабамыздың ұрпақ тәрбиелеудегі салт-дәстүрлері халқымыздың асыл қазынасына айналды. Ел ішіндегі бірлік



отбасынан басталады. Өмірдің өзі дәлелдеп берген шындық осы. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсеткен еліміз. Мемлекеттің табысы әр шаңырақтағы шаттықпен өлшенеді. Сондықтан елімізде отбасы институтының дамуына ерекше көңіл бөлінуде. Елбасының қолдауымен өтіп жатқан «Мерейлі отбасы» байқауы – осының дәлелі. Бұл байқаудың жылдан жылға қадірі артып келеді, — деген өңір басшысы «Мерейлі отбасы» аталымы мен бірге Алматовтар әулетіне тұрмыстық заттар сағып алуға арналған 300 мың теңгенің сертификатын тапсырды. Сондай ақ, сайыс қорытын-

дысына сай «Өнегелі отбасы» аталымында облысқа танымал өнерпаздар Қадыр және Майра Қаржауовтар, «Парасатты отбасы» жүлдесін Семәгиндер шаңырағы (Таран ауданы) иеленген.

Айта кетейік, Алматовтар отбасының отағасы, белгілі өлкетанушы Орекен АЛМАТОВ пен Гүлжан ФАЗЫЛЖАНҚЫЗЫНЫҢ отау құрғанына – 58 жыл толған. Өнегелі әлуеттен 8 баладан 16 немере мен 5 шөбере тараған. Алдағы уақытта Алматовтар отбасы осы ұлттық байқаудың республикалық кезеңіне қатысып, Қостанай облысының намысын қорғайды.